

Моторлық бензинді, керосинді және газойлді шығаруға уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 487 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес және мұнай өнімдерінің ішкі нарығын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылғы 1 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының аумағынан тұрмыстық пеш отынынан басқа, моторлық бензинді (КО СЭҚ ТН коды 2710 11 310 0 - 2710 11 700 0), керосинді (КО СЭҚ ТН коды 2710 19 210 0 - 2710 19 250 0) және газойлді (КО СЭҚ ТН коды 2710 19 410 0 - 2710 19 490 0) шығаруға тыйым салынсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.30 N 676 Қаулысымен

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін Қазақстан Республикасы осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан моторлық бензинді, керосинді және газойлді шығаруға тыйым салуды енгізгендігі туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов